

Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының қаржылары бойынша өзара есеп айырысу, есепке алу және жұмсау операцияларын жүргізу тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 6 қазандағы N 1120. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының қаржылары бойынша өзара есеп айырысу, есепке алу және жұмсау операцияларын жүргізу тәртібі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп, Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына қаржылардың толық және дер кезінде түсуін және оны мақсатқа сай жұмсауды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 6 қазандағы
N 1120 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының қаржылары бойынша өзара есеп айырысу, есепке алу және жұмсау операцияларын жүргізу тәртібі

I. Жалпы ереже

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті 1993 жылғы 14 сәуірдегі N 300 қаулысымен Қазақстан Республикасының Зейнетақы қоры туралы Ережені бекітті.

Зейнетақы қоры туралы аталған Ережеге сәйкес:

1. Қазақстан Республикасының Зейнетақы қоры Қазақстан Республикасының халықты әлеуметтік қорғау жүйесіне енеді.

2. Зейнетақы қорының қаржылары мыналардың есебінен құрылады: жұмыс берушілердің, кәсіпкерлік қызметпен шұғылданатын азаматтардың меншіктік нысанына және қызмет түріне қарамастан сақтық жарналарынан; жұмыс берушілердің мерзімінен бұрын тағайындалатын зейнетақыны өтеуге

және жеңілдікті зейнетақы мақсатына беретін қаржыларынан;
жеке адамдар мен заңды ұйымдардың ерікті жарналары мен қайырымдылық
жәрдемдерінен;

жұмыс берушілер мен азаматтардан қуатты талап етулер нәтижесінде
қайтарып алатын қаржылардан;

қордың депозиті бойынша алынатын дивиденттер мен табыстардан;
жарналарды белгіленген мерзімінде төлемеген жағдайда салынатын өсім
сомасынан;

3. Қолданылып жүрген заңға сәйкес меншіктік нысанына және шаруашылықты жүргізу түріне қарамастан, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, акционерлік қоғамдардың, кооперативтердің (соның ішінде бау-бақша, гараж, тұрғын үй-құрылыс және спорттық), автотұрақтардың (егер олар кооператив құрамына енбейтін болса), шаруа (фермерлік) және арендалық шаруашылықтардың бәрі, ерікті жәрдем түрлері есебінен жұмыс істейтін қайырымдылық ұйымдары, қорлар, Жастар одағы, діни ұйымдар, сондай-ақ жекелеген азаматтарды азаматтық-құқылық сипаттағы келісім бойынша жалдайтын адамдар, жеке кәсіпкерлер, Қазақстан Республикасының территориясында тіркелген бірлескен кәсіпорындарда жалданып жұмыс істейтін шетелдік азаматтар мен шетелдік жұмыс берушілер және шетелдік кәсіпорындар мен ұйымдарда тікелей келісімдермен жұмыс істейтін қазақстандық азаматтар Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына жарна төлеушілер болып табылады.

4 . < * >

5 . < * >

ЕСКЕРТУ. 4,5-тармақтарының күші жойылған - ҚР Үкіметінің 1997.07.31. N 1194 қаулысымен.

6. Кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың мемлекеттік әлеуметтік сақтандыруға төлейтін жарналарының тарифтерін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі белгілейді.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыруға төленетін жарналардың жалпы сомасынан Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына бөлінетін сақтық жарнаның мөлшерін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі белгілейді.

7. Қызметкерлерінің жасына байланысты зейнеткерлікке жеңілдікпен шығуға құқы бар ұйымдар үшін (еңбек жағдайлары зиянды және ауыр кәсіптердің тізімі, N 1 және N 2 тізбелерге сәйкес) мемлекеттік әлеуметтік сақтандыруға арналған тарифтерге орай есептелген жарналар сомасынан тыс "Қазақ ССР-інде азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақ ССР Заңының 11-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына төлейтін қосымша жарналар белгіленеді.

Жұмыс берушілердің мерзімінен бұрын зейнетақы тағайындауға байланысты және жеңілдікті зейнетақымен қамсыздандыру мақсатына жұмсалатын шығынның орнын толтыруға арналған қаржылары, ерікті жарналар мен жәрдемдер, өсімдер мен басқа да төлемдер жеке тапсырыс қағаздары арқылы аударылады.

8. Зейнетақы қорының ақшалай қаражаттары мына мақсаттарға: қолданылып жүрген заңға сәйкес зейнетақыларды қаржыландыруға; қарт және еңбекке жарамсыз азаматтарды әлеуметтік қорғау жөніндегі бағдарламаны жүзеге асыруға қатысуға жұмсалады.

Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының қаржыларын жедел бөлу, сондай-ақ оларды өз мақсатында пайдалану жөніндегі мәселелерді шешуге арналған қаржыларды аудару тәртібін Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының басқармасы белгілейді.

II. Жарналарды төлеу

9. Ұйымдар жарналарды еңбекақының барлық түрінен, соның ішінде штаттағы, штаттан тыс, маусымдық және уақытша жұмыс істеген жұмыскерлердің, сондай-ақ қосымша жұмыс ретінде немесе бір рет, кездейсоқ және қысқа мерзімде істеген жұмыстары үшін алатын басқа да табыстарының түрлерінен есептейді, олардан "Қазақ ССР-інде азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақ ССР Заңына сәйкес зейнетақы есептеледі.

Мердігерлік, тапсырыс келісімі бойынша (азаматтық-құқылық сипаттағы) жұмыс істейтін азаматтар үшін жалдап жұмыс істетуші жарнаны ұйымдарда штаттағы жұмыскерлерге төлейтін мөлшер шамасында төлейді.

Жалданып немесе Қазақстан Территориясында тіркелген бірлескен кәсіпорында жұмыс істейтін шетелдік азаматтар, сондай-ақ шетелдік, бірлескен кәсіпорындарда, фирмаларда, т.б. жұмыс істейтін Қазақстан азаматтары да сақтық жарнаны осындай тәртіппен төлейді.

10. Жарналар еңбекақының (табыстың) барлық түрінен табыс салығы ұсталмай тұрып есептеледі.

Бұл орайда еңбекақы (табыс) бойынша есеп айырысу жүргізілген жоғарыда көрсетілген төлемдерді, баптар мен төлем құжаттарын (есеп айырысу-төлеу ведомостарының жеке есеп шоттарын т.б.) қаржыландыру көздерінің маңыздылығы болмайды.

1 1 . < * >

ЕСКЕРТУ. 11-тармақтың күші жойылған - ҚР Үкіметінің 1997.07.31. N 1194 қаулысымен.

III. Жарналарды төлеудің мерзімі мен тәртібі

1 2 . < * >

ЕСКЕРТУ. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1996.09.23.
N 1156 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 12-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1997.07.31. N 1194
қаулысымен.

1 3 . < * >

ЕСКЕРТУ. 13-тармағының 1-абзацы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің
1997.04.02. N 465 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 13-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1997.07.31.
N 1194 қаулысымен.

14. Жекелеген адамдарды келісім шартпен азаматтық-құқылық сипатта
жалдап жұмыс істететін адамдар мемлекеттік әлеуметтік сақтандыруға тиісті
кезең үшін нақты түскен табыс бойынша есеп-шотқа аудару тәртібімен немесе
қолма-қол ақшамен еңбекақы төлегеннен кейінгі айдың 5-іне дейін ай сайын
төлем аударып отырады.

1 5 . < * >

Ескерту. 15 абзацы алынып тасталған - ҚРМҚ 28.11.1995 ж.
N 1600 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1997.04.01. N 447
қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 15-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1997.07.31. N 1194
қаулысымен.

16. Жарналар есебіне жұмсалған шығындар шығарылғаннан кейін есептелген
жарналарды төлеуді, әдетте, жарна төлеушілер өзінің ағымдағы немесе есеп
шоттарынан тиісті соманы аудару жолымен Ұлттық банк мекемелерінің "
Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының қаржылары" N 829 есебіне
аударылады. Ереженің 14-тармағында аталған жарна төлеушілер, сондай-ақ
Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасы банктеріне
өзінің есепшоты жоқ шетелдік фирмалар мен өкілдіктерде, жекеменшік
кәсіпкерлерде жұмыс істейтін болған жағдайларда ғана жарналарды банк
кассаларына тікелей төлейді.

17. Таратылатын кәсіпорыннан, ұйымнан тиесілі төлемді алатын уақыт әлі
келмеген жағдайда таратушы комиссия өзінің жұмысы тоқтатылғанға дейін
тиісті соманы Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының N 829 есебіне
өткізуге тиіс немесе осы соманы ерекше актімен хаттап, таратылған
кәсіпорынның, ұйымның мұрагер ұйымына өткізілетін балансқа кіргізуі керек.
Актіде таратылатын кәсіпорынның, ұйымның орнына келген мұрагер ұйым,
тиісті төлемнің сомасы және оны төлеу мерзімі көрсетіледі, ол Қазақстан
Республикасы Зейнетақы Қоры органының таратылатын кәсіпорын үшін бұрын

белгіленген күнінен кеш болмауға тиіс. <*>

Таратушы комиссия мен мұрагер ұйым қол қойған актілердің көшірмесі сол таратылған кәсіпорын мен мұрагер ұйым тіркелген жердегі Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының органдарына беріледі.

Таратылған кәсіпорын банкротқа ұшырып, мұрагер ұйымы болмаған жағдайда, оған банкрот туралы заңның күші қолданылады.

ЕСКЕРТУ. 17-тармақтың 1 абзацы алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 1997.07.31. N 1194 қаулысымен.

IV. Қазақстан Республикасының Зейнетақы қоры қаржыларының жұмсалудың тәртібі

18. Кәсіпорындарында, мекемелерде және ұйымдарда "Қазақ ССР-інде азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақ ССР Заңының 81-бабына сәйкес жұмыс істейтін зейнеткерлерге жарна есебінен зейнетақы төленеді .

19. Жарналар есебінен жұмсалатын шығындарды жарна төлеуші өз кассасынан немесе ағымдағы шотынан төлейді.

20. Жарналар есебінен зейнетақы төлеу - халықты әлеуметтік қорғау органының тапсырыс қағазы негізінде құрылып, ұйымның басшысы және бас (аға) бухгалтері қол қойған ведомость бойынша жүргізіледі.

21. Ұйымдардың аударған жарналары зейнетақы төлеу жөніндегі нақты шығындарды өтемеген жағдайдың өзінде де зейнетақы төлеуді тоқтатуға құқы жоқ .

22. Жарна төлеушінің есеп берген тоқсан ішіндегі шығындары осы тоқсан ішінде төлеген жарна сомасынан көп болған жағдайда жұмсалған шығын сомасы мен кіріс сомасы арасындағы айырмашылық келесі тоқсанның есебіне ж а т қ ы з ы л а д ы .

Егер жарна сомасынан асып кеткен шығын келесі тоқсанда Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорына төленетін жарналарымен жабылмаса, онда келесі тоқсан ішіндегі есеп бойынша шын мәніндегі нәтижені ескере отырып, Қазақстан Республикасының Зейнетақы қоры сол асып кеткен соманың қор өкілінен өткен тоқсан үшін есеп айырысу ведомостын алғаннан кейін 10 күн мерзім ішінде орнын толтырады.

Жарна сомасынан шығын сомасы асып кетіп, тиісті жарна шығынның орнын толтырмайтын болса да есеп айырысу ведомостын алғанға дейін кәсіпорынның басшысы мен бас бухгалтері қол қойған анықтама есеп айырысу қағазы негізінде жарнаның орнын толтыруға болады.

Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының төлем-тапсырыс қағазы бойынша қордың зейнетақы және төлеуге арналған есебінен жарна төлеушінің ағымдағы немесе есеп айырысу шотына қаржы аудару арқылы шығын орны

т о л т ы р ы л а д ы . < * >

ЕСКЕРТУ. 22-тармақ өзгертілді - ҚР Үкіметінің 1997.05.27. N 883 қ а у л ы с ы м е н .

23. Осы ереженің 8-тармағында көрсетілген Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының есебінен жүргізілген қаржыларды есепке алу үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық банкісінің мекемелерінде (Ұлттық банктің облыстық басқармаларындағы бас кассалық есеп айырысу орталықтарында) "Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының шығындары" атауымен N 829 баланстық есеп ш о т а ш ы л ғ а н .

24. Қазақстан Республикасы Ұлттық банкісінің аудандық кассалық есеп айырысу орталықтарындағы N 829 баланстық есеп шотта осы ереженің 2-тармағында көрсетілген қаржыларды жинайтын ағымдағы қосалқы есеп шоттары ашылады. Ағымдағы қосалқы есеп шотты ашу үшін өтініш талап етілмейді. Ағымдық есеп шоттағы қаржының қалдықтары әр айдың 10 және 25-інде Зейнетақы қоры қаржысын есепке алу үшін облыстық ұлттық банктің Бас кассалық есеп айырысу орталығына түсіп, облыстық халықты әлеуметтік қорғау басқармасының есебіне аударылады.

25. Акционерлік (коммерциялық, кооперативтік, жеке меншік) банктерде Зейнетақы қорына қаржы жинайтын қосалқы есеп шоттар ашылмайды, ал төлеушілерден (аударушылардан) түсетін қаржылар төлем төлейтін күні немесе келесі күннен кешіктірілмей банкте ашылған корреспондеттік есеп шот арқылы Ұлттық банктің сол кассалық есеп айырысу орталығындағы зейнетақы қорының қосалқы есеп шотына немесе облыстық ұлттық банктің Бас кассалық есеп айырысу орталығынан облыстық халықты әлеуметтік қорғау басқармасының е с е б і н е а у д а р ы л а д ы .

Аударым кешіктірілген жағдайда банктер Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі бекіткен Қазақстан Республикасында есеп-шотқа аудару арқылы есептесу тәртібін бұзғаны үшін экономикалық айып салулар туралы Ережеге сәйкес жауап б е р е д і .

2 6 . < * >

ЕСКЕРТУ. 26-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1997.07.31. N 1194 қ а у л ы с ы м е н .

27. Зейнетақы қорына сақтық жарналарын аударған төлеушілер төлемдік-тапсырыстар қағазына тиісті соманы толығымен көрсетіп жазады.

2 8 . < * >

ЕСКЕРТУ. 28-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1997.07.31. N 1194 қ а у л ы с ы м е н .

29. Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорына түскен қаржылар есебінен зейнетақы және жәрдемақы, балалы отбасыларына жәрдемақыдан басқа төлеу

шығындары "Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының қаржылары" N 829 есебінің қалдық қаржылары мөлшерінде "Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының шығындары" N 828 есебінен қаржыландырылады.<*>

ЕСКЕРТУ. 29-33-тармақтар өзгертілді - ҚР Үкіметінің 1997.05.27. N 883 қаулысымен .

30. Қазақстан Республикасы Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі зейнетақылар мен жәрдемақылар, балалы отбасыларына жәрдемақыдан басқа төлеуді қамтамасыз ету үшін өзінің облыстық басқармаларына осы Ереженің 8-тармағында көрсетілген мақсаттарға қаржыларды "Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының шығындары" N 828 есебінен облыстық халықты әлеуметтік қорғау басқармасы орналасқан жердегі Зейнетақы қорына түскен қаржы қалдықтары шамасында жұмсауға құқық береді.<*>

31. Зейнетақылар мен жәрдемақылар, балалы отбасыларына жәрдемақыдан басқа есептеу және төлеу жөніндегі орталықтарға немесе халықты әлеуметтік қорғаудың қалалық және аудандық бөлімдеріне зейнетақылар мен жәрдемақылар, балалы отбасыларына жәрдемақыдан басқа төлеу жөніндегі есеп шоттарға түскен Зейнетақы қорының қаржыларын есепке алу үшін Ұлттық банк мекемелерінде, N 609 баланстық есеп шоттар ашылады.<*>

Жоғарыда аталған органдар ағымдағы есеп шоттан Көлік және коммуникациялар министрлігінің кәсіпорындарымен, сондай-ақ зейнетақылар мен жәрдемақыларды, балалы отбасыларына жәрдемақыдан басқа жеткізіп беретін шағын шаруашылық есептегі кәсіпорындарымен ағымдағы есеп шоттардағы қаржы қалдығы шамасында есеп айырысады.<*>

32. Халықты әлеуметтік қорғау органдары (төлеу орталықтары, аудандық, қалалық халықты әлеуметтік қорғау бөлімдері) зейнетақылар мен ай сайынғы жәрдемақылардың тиісті сомасын осы ереженің 31 тармағында көрсетілген есеп шоттардан зейнетақы және жәрдемақы, балалы отбасыларына жәрдемақыдан басқа алушылардың салымдары бойынша есеп шоттарға халықтық банктің және басқа акционерлік-коммерциялық банктердің мекемелеріне аудара алады.<*>

Халықтық банк мекемелері мен басқа да АҚБ мекемелері салымдар бойынша есеп шоттарға зейнетақылар мен ай сайынғы жәрдемақыларды, балалы отбасыларына жәрдемақыдан басқа аудару халықты әлеуметтік қорғау органдарының төлемдік тапсырыс қағаздары бойынша Ұлттық банк мекемелеріндегі Халықтық банк пен басқа да АҚБ-ның корреспонденттік есеп шоттарына түсу арқылы айына екі рет жүргізіледі.<*>

Төлемдік тапсырыс қағаздарында халықты әлеуметтік қорғау органдарының Халықтық банк пен АҚБ-ның әрбір мекемелері бойынша құрылған аударылатын зейнетақылар мен жәрдемақылар, балалы отбасыларына жәрдемақыдан басқа сомасы тізімдерінің номерлері көрсетіледі, Халықты әлеуметтік қорғау

органдары зейнетақылар мен жәрдемақылар, балалы отбасыларына жәрдемақыдан басқа аударуға арналған тізімді Халықтық банк пен АҚБ мекемелерінің бөлімшелеріне тікелей береді.<*>

33. Зейнеткерлерге біржолғы жәрдемақылар, зейнетақылар мен жәрдемақыларға, балалы отбасыларына жәрдемақыдан басқа үстемелер және басқа төлемдер ереженің 31-тармағында көрсетілген есеп шоттан халықты әлеуметтік қорғау органдарының тапсырыс қағаздарымен төленеді, ал зейнеткерлерден атқарушы құжаттар бойынша ұсталатын сомалар аударуды халықты әлеуметтік қорғау органдары Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің кәсіпорындары арқылы алушының мекен-жайына байланыстық аудару құжаттарымен аударды.<*>

Көлік және коммуникациялар министрлігіне қаржыларды халықты әлеуметтік қорғау органдары төлем тапсырыс қағаздары арқылы аудару операциялары бойынша олардың есеп шоттарына аударды.

Халықты әлеуметтік қорғау органдары зейнеткерлерге біржолғы жәрдемақы төлеуді халықты әлеуметтік қорғау органының есеп беретін адамының атына жазылған жеке чектер бойынша жүргізе алады.

34. Халықты әлеуметтік қорғау органдары жұмыс істемейтін зейнеткерлерге жерлеу үшін берілетін жәрдемақыларды облыс көлемінде - тапсырыс қағазы арқылы, облыстан тыс жерлерге төленген зейнетақы көрсетілетін шығындардың осы түріне арналып бөлінген қаржы есебінен байланыс торабы арқылы жібереді. Қажет болған жағдайларда жерлеу үшін жәрдемақылар халықты әлеуметтік қорғау органының жәрдемақы алушының атына жазылған нақты чегі бойынша берілуі де мүмкін. Чекте "Жерлеу үшін берілетін жәрдемақы" деп көрсетіледі.

35. Зейнетақылар мен жәрдемақыларды, балалы отбасыларына жәрдемақыдан басқа аударуға жұмсалатын шығындарды төлеу Қазақстан Республикасы Зейнетақы қоры қаржыларының шығындары есебінен есеп шотқа аудару тәртібімен жүргізіледі.<*>

36. Төленбей қалған зейнетақылар мен жәрдемақылардың, балалы отбасыларына жәрдемақыдан басқа қайтып түскен сомалары немесе артық төлеу, ұрлау және ысырап болу бойынша келтірілген зиянның орнын толтыру үшін өндіріп алынатын қорғау бөлімдерінің N 609 баланстық есеп-шотындағы ағымдағы есеп шотқа аударылады.<*>

37. Төлеу орталықтарының, аудандық, қалалық халықты әлеуметтік қорғау бөлімдерінің ағымдағы есеп шоттарындағы (N 609 есеп шот) қаржылардың пайдаланылмай қалған қалдықтары облыстық халықты әлеуметтік қорғау басқармасының нұсқауымен жылдың соңғы жұмыс күнінен кешіктірілмей оның N 828 есеп шотына қайтарылуы мүмкін немесе оны облыстық халықты әлеуметтік қорғау басқармасы келесі жылдың есебіне қосады.

Зейнетақылар мен жәрдемақылардың, балалы отбасыларына жәрдемақыдан басқа жеткізілмей қалған сомаларын Көлік және коммуникациялар министрлігінің кәсіпорындары, зейнетақыларды жеткізіп беретін халықты әлеуметтік қорғау кәсіпорындары екі күн мерзім ішінде төлеу орталығының немесе аудандық (қалалық) халықты әлеуметтік қорғау бөлімінің ағымдағы N 609 есеп шотына қайтарып береді.<*>

Зейнеткерлердің үйіне апарып беру үшін аударылған зейнетақылар мен жәрдемақылардың, балалы отбасыларына жәрдемақыдан басқа келесі сомасы да жоғарыда көрсетілген сомаларға кемуі мүмкін.<*>

38. Облыстық халықты әлеуметтік қорғау басқармалары ай сайын зейнетақылар мен жәрдемақыларды, балалы отбасыларына жәрдемақыдан басқа төлегеннен және оларды келесі айда төлеуге қаржы аударғаннан кейін келесі айдың 10-ынан кешіктірмей өзінің "Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының қаржылары" N 829 есеп шотынан телеграф арқылы Қазақстан Республикасы Халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің N 829 708 есеп шотына Ұлттық банктің Алматы облыстық басқармасының Бас кассалық есеп айырысу орталығына (МФО 109501109) қаржының артық қалған сомасын төлем құжаттары бойынша аударды.<*>

39. Тиісті аймақтарда зейнетақылар мен жәрдемақыларды, балалы отбасыларына жәрдемақыдан басқа төлеу үшін қаржылар жетпей қалған жағдайда облыстық халықты әлеуметтік қорғау басқармалары төлеу орталықтарының, аудандық, қалалық халықты әлеуметтік қорғау бөлімдерінің мұқтаждықтары бойынша жасаған сұраныстарын, түскен материалдарды қарап, Қазақстан Республикасы Халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне арнап ашылған "Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының қаржылары" N 829 есеп шотында қалған қаржылар мөлшеріне қарай қанағаттандыру мәселесін шешетін Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Зейнетақы қорының бас басқармасына жібереді.<*>

40. Облыстық халықты әлеуметтік қорғау органдары ай сайын есеп бергеннен кейінгі келесі айдың 5-інен кешіктірмей Көлік және коммуникациялар мекемелерінен зейнетақылар мен жәрдемақыларды, балалы отбасыларына жәрдемақыдан басқа төлеуге арналған Зейнетақы қоры қаржыларының түсуі және жұмсалуды туралы есебін алады, облыс бойынша жинақ есебін құрап, оны Қазақстан Республикасы Халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Зейнетақы қоры Бас басқармасына жібереді.<*>

ЕСКЕРТУ. 35-40-тармақтар өзгертілді - ҚР Үкіметінің 1997.05.27. N 883 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. V-бөлімнің күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.07.31. N 1194 қаулысымен.

V. Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының қаржыларын есепке алу және есеп беру

47. Сақтық жарна төлеушілердің бәрі Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорына төлейтін жарналар сомасы қаржылар бойынша есеп жүргізіп отыруға м і н д е т т і .

48. Шаруашылық есептегі кәсіпорындар жарналар сомасының есебін "Сақтандыру мен есеп айырысу" N 69 есеп шотының өндіріс пен несие шығындары есебі мен "Қазақстан Республикасы Зейнетақы қоры мен есеп айырысу". "2" қосалқы есеп шотының дебеттік есеп шоттары бойынша көрсетеді.

Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорына қаржы аудару кезінде "Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорымен есеп айырысу" 69 есеп шотының 2 қосалқы есеп шоты дебеттеледі және "Есеп айырысу есеп шоты" 51 есеп шот кредиттеледі .

Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына жарналар есебінен аударылған сомалар шаруашылық ұйымдарында "Сақтандыру мен есеп айырысу" 69 есеп шотының дебеті бойынша "Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорымен есеп айырысу" 2 қосалқы есеп шотында корреспонденцияларға "Жұмысшылармен және қызметкерлермен басқа операциялар бойынша есеп айырысу" 70 есеп шотында көрсетіледі.

49. Бюджеттегі ұйымдарда Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорына төленетін жарна "Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорына берілетін сақтандыру жарнасы бойынша есеп айырысу" 198 қосалқы есеп шоты бойынша к ө р с е т і л е д і .

Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорына берілетін жарна 198 қосалқы есеп шоттың кредиті бойынша және тиісінше "Бюджеттік шығындар" 20 қосалқы есеп шотында немесе "Басқа да шығындар" 21 қосалқы есеп шоттың дебеті бойынша к ө р с е т і л е д і .

Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына жарналар есебінен аударылған сомалар бюджеттік мекемелер бойынша "Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорына төленетін сақтық жарналар бойынша есеп айырысу" 198 қосалқы есеп шотының дебетінде және "Жұмысшылармен және қызметкерлермен есеп айырысу" 180 қосалқы есеп шотының кредитінде, ал кассалық есеп шоттардың 180 дебетінде және 120 кредитінде көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорына жарналарды аударған кезде 198 қосалқы есеп шоты дебеттеледі және зейнетақы мен жәрдемақы қаржыларының

есептері бойынша тиісті қосалқы есеп шоттар (090, 100, 110) кредиттеледі.

50. Есеп айырысу ведомостарының барлық даналарына ұйымдардың басшылары мен бас (аға) бухгалтері қол қойып мөр басып, оны халықты әлеуметтік қорғау органдарына өткізеді.<*>

ЕСКЕРТУ. 50-тармақтың 1 абзацы алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 1997.07.31. N 1194 қаулысымен.

5 1 . < * >

ЕСКЕРТУ. 51-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1997.07.31. N 1194 қаулысымен.

52. Қазақстан Республикасының халықты әлеуметтік қорғау органдары бюджеттегі кәсіпорындар мен ұйымдар үшін бухгалтерлік есептер жоспарына қатысты Зейнетақы қорының бюджетінің орындалуы бойынша жер-жерлерде есеп жүргізеді және Зейнетақы қоры бюджетінің Қазақстан Республикасы Зейнетақы қоры басқармасы белгілеген түрде және мерзімде орындалуы туралы тоқсан сайын қаржылық есеп жасап отырады.

VI. Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорына төленетін жарнаға және оның жұмсалуына бақылау жасау

53. Ұйымдардан сақтық жарналарының уақытында және толығымен келіп түсуіне халықты әлеуметтік қорғау органдары және салық инспекциясы бақылау жасайды және ол жарна есептелетін еңбекақы мен басқа да төлемдердің бухгалтерлік құжаттарын, Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының N 829 есеп шотына жарна сомаларын аудару туралы төлем тапсырыс қағаздарын; жарналар есебінен төленген төлемдердің құжаттарын тексеру жолымен жүргізеді.

Ағымдағы жылдың, тексеру жүргізілетін соның алдындағы бір күнтізбелік жылдың құжаттары тексерілуге жатады. Оның алдындағы ертеректегі құжаттар қаражаттарды жұмсауда қиянат келтірген немесе жарна есептелетін жалақыны жасырған жағдайлар байқалып қалғанда ғана тексеріледі.

5 4 . < * >

5 5 . < * >

5 6 . < * >

ЕСКЕРТУ. 54,55,56-тармақтардың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1997.07.31. N 1194 қаулысымен.

VIII.<*>

ЕСКЕРТУ. VIII-бөлімнің күші жойылды, VI-VII бөлімдер тиісінше V-VI бөлімдер болып есептелді - ҚР Үкіметінің 1997.07.31. N 1194 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Халықты
әлеуметтік қорғау министрі-

Зейнетақы қоры басқармасының
төрағасы

"Келісілген"	"Келісілген"	"Келісілген"
Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі төрағасының бірінші орынбасары	Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бірінші орынбасары	Қазақстан Республикасы Әділет министрінің орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК